



ХҒТАР 06.71.57

<https://orcid.org/0000-0003-1004-2135>

<https://orcid.org/0000-0002-0381-6799>

<https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-1-437-454>

Абай облысының туристік әлеуеттік жағдайын талдау

С.М. Рустемова*, А.А. Жакупов¹

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: *sabiruwa1986@mail.ru, ¹jakypov-alt@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада Абай облысының туристік мүмкіндіктері мен туристік әлеуетін анықтау және пайдалану жолдары, оларды жетілдіру туралы мәліметтер қарастырылады. Туризм индустриясы рекреациялық ресурстарды пайдалану негізінде республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуын анықтайтын ел экономикасының бір бөлігі болып табылады. Бүгінгі таңда Қазақстанда туризмді реформалау және туристік бизнесті дамыту стратегиясы бойынша ауқымды жұмыстар атқарылуда. Туризмнің тұрақты және әлеуметтік даму проблемасы Қазақстан республикасының тарихи дамуында өзекті болып қала береді. Туризмді дамыту аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға ықпал етеді: кәсіпкерлікті дамыту, табыс табу, жұмыс орындары, сол арқылы кедейшілікті азайту. Абай өңірінің географиялық орны, ерекшеліктері мен дамуының талдауы, туристік факторлары мен өңірдің бәсекелестік артықшылықтары берілген. Мақалада Абай облысындағы туризмнің негізгі түрлері қарастырылған, сонымен қатар осы аймақтағы туризм дамуының басты көрсеткіштері мен қазіргі жағдайына талдау жасалған. Абай облысының туристік әлеуетінің SWOT-анализі жасалды: туризмнің мықты және әлсіз жақтары, сонымен қатар ауданның мүмкіншіліктері мен қауіптері көрсетілді. Кіру және шығу туризмінің дамуына кедергі болған факторлар және Абай облысында туризмнің дамуына жағымды әсер ететін факторлар анықталды. Мақалада Абай облысындағы туризмнің негізгі түрлері қарастырылып, сонымен қатар осы аймақтағы туризм дамуының басты көрсеткіштері мен қазіргі жағдайына талдау ұсынылады.

Түйін сөздер: туризм, рекреация, танымдық туризм, мәдени туризм, өңірлік туризм, табиғи-ресурстық әлеует, туристік әлеует.

Кіріспе


Абай облысы туристік мүмкіндігі жағынан бірегей аймақ. Географиялық және саяси ерекшелігінің арқасында, ол түбегейлі аумақта қол жетімсіз және экологиялық таза күйінде қалды. Жалпы еліміздің шығыс аумағы бай табиғи жер бедерлерімен: шөлімен, қырларымен, биік тауларымен, көп өзендері және көлдерімен ерекшеленеді.

Аймақтың туристік әлеуеті – бұл табиғи, тарихи-мәдени объектілер мен құбылыстардың тұтастығы, сонымен қатар, нақты территорияда туристік қызметті ұйымдастырудың әлеуметтік-экономикалық және технологиялық алғышарттарының тұтастығы. Бұл ретте Абай облысының туристік-әлеуеттік жағдайына талдау жасамас бұрын аймақтың туристік әлеуетін дамытудың маңыздылығына тоқталып кетуді жөн санадық.

Аймақтың тұтас туристік әлеуетінің құрамын зерттеудің негізгі принципі оны жүйе ретінде қарастыру. Жүйе – оны құраушы элементтердің үнемі байланыста және қарым-қатынаста болуы.

Аймақтық әлеуеттің құрамын қарастыруда тұтас туристік әлеуеттің ішіндегі негізгі (кілт) әлеуеттерді анықтау қажет. Оны құру және дамыту аймақта туризмнің қалыптасуы мен тұрақты дамуын қамтамасыз ете алатын әлеует кілті болып саналады.

Аймақтың туристік әлеуетін құрылымдық жоспарда өзара байланысты және өзара әрекеттесуші келесі әлеуеттердің тұтастығы деп қарастыруға болады: табиғи-ресурстық, тарихи-мәдени, экономикалық және әлеуметтік (сурет 1).



Сурет 1. Аймақтық туристік әлеуетінің элементтік құрамы
Ескерту – Мәліметтер [1] негізінде авторлармен құрастырылған

Туризм сферасының табиғи-ресурстық әлеуеті-табиғи жүйелердің өзіне зиян келтірмей шаруашылықта қажетті адами өнім беруі немесе оған пайдалы қызметті өндіруі; туристік қызметте аймақтың тұтас табиғи байлығын пайдалана алу мүмкіндігі.

Тарихи-мәдени әлеует – аймақта орналасқан тарихи-мәдени байлықтың туризмді дамытудағы мүмкіндігін сипаттайды;

Туризм сферасының экономикалық әлеуеті - аймақтың туристік өнім өндірісі мүмкіндігін сипаттаушы, сонымен қатар, аймақтық деңгейде туристік өнімді өндіруге қажетті әлеуетті күш пен құрал (материалды, табиғи, еңбек және т.б.) мүмкіндігін сипаттаушы аймақтық экономика әлеуетінің құрамдас бөлігі. Экономикалық әлеуеттің құрамына мыналар кіреді:

– инфрақұрылымдық әлеует – орналастыру, бос уақытты өткізу, тамақтандыру, транспорттық және т.б. ұйымдардың қажетті туристік қызметті жүзеге асыру және олардың персоналдары мен рекреанттарының қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша мүмкіндігі;

– қаржылық әлеует – аймақтың туристік қызметті жүзеге асыруда қолдана алатын қаржының көлемін сипаттайды;

– ақпараттық әлеует – ол ақпараттық ресурстарды жинау, реттеу және тарату жолдары арқылы туристік өнімді өндіру сипатына әсер етуші және басқарушылық шешімді құрастыру мен қабылдауды қамтамасыз етуші ұйымдастырушылық-техникалық және ақпараттық мүмкіндіктердің тұтастығы;

– инвестициялық әлеует – аймақтың туристік қызметті инвестициялау бойынша мүмкіндіктерінің тұтастығы;

– басқарушылық әлеует – аймақтық туристік сферада қызмет жасауына тиесілі жағдайды жасау, ұйымдастыру және жүзеге асыру бойынша басқарудың барлық деңгейіндегі жетекшілердің қабілеттілігі мен біліктілігі.

Туризм сферасының әлеуметтік әлеуеті – аймақтың туристік қызметті өндіруге қажетті еңбек күшін қайта өндіру бойынша мүмкіндігі, себебі туризмнің тек материалды ресурстарын қолданып қана аймақтық туристік өнімді жасау, тарату, ауыстыру немесе тұтыну мүмкін емес [1].

Абай облысының туристік ахуалына талдау жасау үшін бұл аймақтағы негізгі орталықтардың туристік әлеуеттеріне тоқталу қажет (2-сурет).



Сурет 2 - Абай облысының әкімшілік-территориялық картасы

Ескерту – Авторлармен құрастырылған

Абай облысының оңтүстігінде Жетісу, солтүстік-батысында Павлодар, батысында Қарағанды, солтүстік-шығысында Шығыс Қазақстан облыстарымен, оңтүстік-шығысында Қытаймен (Шыңжаң-Ұйғыр автономды аудан), солтүстігінде Ресеймен (Алтай өлкесі) шектеседі. Абай облысының әкімшілік орталығы - Семей қаласы. Семей шығыс аймақтағы ең ірі қала болып есептеледі. Ол Ертістің екі жақ жағалауында орналасқан. Аумағы – ауылдық округтерді қосқанда 185,5 мың км². Халық саны 238 мың адам. Облыстың басым бөлігін қазақ ұсақ шоқыларының шығыс бөлігі алып жатыр және биіктігі 500-700 м толқынды жазық. Оңтүстік-шығысында Зайсан және Балқаш-Алакөл қазаншұңқырлары бөліп тұрған биіктігі 3000 м дейінгі Тарбағатай жотасы созылып жатыр.

Теңізге шыға алмайтын ең ірі мемлекет ретінде Қазақстан үшін Жердің континенттік полюсінің біздің аумақта орналасуының өзіндік символдық мәні бар. Абай облысында, Жидебай шатқалында, ұлы Абайдың мұражай-үйінің қасында «Еуразия құрлығының орталығы» мемориалдық белгісі бар. Халқымыз үшін қасиетті мекен және осындай географиялық құбылыс тек отандық емес, қала берді шетелдік туристер үшін де тартымды өңір. Семей еліміздің тарихи орталықтарының бірі ретінде бай мәдени мұрамызға қамқорлық көрсетудің үлгісіне айналуы тиіс. Облыс құрылғаннан кейін қала белсенді түрде даму сатысына көтеріле бастады. Сонымен қатар, аймақ ішкі туризмнен келушілерді тарта алатын бай тарихи және мәдени мұрасымен танымал. Абай облысының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының мәліметінше, бүгінгі таңда облыста 325 орналастыру орны бар, олардың бір реттік сыйымдылығы 17 609 төсек-орын. Өткен жылы Абай облысында туризм саласына - негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 13,2 млрд теңгеден асты. Бүгінгі таңда туризмді дамытудың негізгі бағыттары анықталды, соның ішінде қажетті инфрақұрылымды қамтамасыз ету, жол бойындағы қызметтерді дамыту, туристік брендті ілгерілету.

Әдебиеттерге шолу

Туризм географиясы жақын арада пайда болып қалыптасқан жеке географиялық пән ретінде ресейлік ғалымдар В.С. Преображенский, Ю.А. Веденин Н.С. Мироненко, И.Т. Твердохлебов [2]; қазақстандық О.Б. Мазбаев, Б.К. Асубаев т.б. еңбектері белгілі [3,4]. Туризм демалысқа рекреацияға байланысты зерттеулерде физикалық географиялық, геоэкологиялық мәселелер жан жақты қарастырылмаған. Экономика ғылымдары саласы бойынша туризм мәселелері қазақстандық А.Ж. Садуов, Г.М. Дуйсен, Р.А. Асанбаева, У.Б. Баймуратова т.б. зерттеу жұмыстарында қарастырылған [5,6]. Талдау барысында туризм мәселелері географиялық, экономикалық және педагогикалық ғылымдар бағытында қарастырылды.

Демалыс пен туризмді ұйымдастыру үйлесімінде жеке туристік аудандардың мүмкіндіктерін кеңінен пайдалана отырып ортақ аймақтық кластер құру қажеттілігі туындайды. Өңірлердің туристік-рекреациялық жергілікті жер аумағының үйлесімді туристік-рекреациялық әлеуетінің бағасы О.Б. Мазбаевтың, А.А. Жакуповтың

еңбектерінде берілсе, сонымен қатар Абай облысы бойынша С.М. Рустемова, А.А. Жакуповтың [7] ғылыми еңбектерінде көрсетілген.

Зерттеу әдісі

Зерттеудің негізіне туризм саласындағы, соның ішінде өңірлік туризмнің ерекшеліктерін ашатын жақын және алыс шетел ғалымдарының еңбектері алынды.

Зерттеу барысында ғылыми-практикалық конференциялардың материалдары, Қазақстан Республикасының туризм саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, интернет-ресурст материалдары пайдаланылды [8].

Мақаланы дайындау кезінде ғылыми талдаудың мынадай жалпы және арнайы әдістері қолданылды, мысалы: индукция және дедукция, талдау және синтез; жүйелік тәсіл; салыстырмалы талдау, атап айтқанда экономиканы цифрландырудың заманауи технологияларын талдау және оны одан әрі дамыту перспективаларын сипаттау; логикалық және сараптамалық бағалау әдісі – ағымдағы жағдайларды зерттеу; графикалық әдіс – нәтижелердің бейнесін визуализациялау, жалпылау әдістеріне, жүйелік талдау әдістеріне негізделген.

Талқылау және нәтижелер

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес Абай облысы құрылды.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Абай облысының жұртшылығымен кездесу өткізген шара барысында өңірдегі туризмді дамытудың келешегі туралы: «Өңірдің мәдени-танымдық туризмін дамыту үшін зор әлеуеті бар. Мәселен, теңізге шыға алмайтын ең ірі мемлекет ретінде Қазақстан үшін Жердің континенттік полюсінің біздің аумақта орналасуының символдық мәні бар», - деп мәлімдеді.

Қазақстан республикасының туризм саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында жылына 2 500 000 туристке дейінгі әлеуеті бар Алакөл көлінің шығыс жағалауы ең перспективалы туристік бағыт болып саналады.

Туристік кешен – бүгінгі күні экономиканың бірден-бір болашағы зор секторы болып табылады. Туризм - рекреациондық, танымдық және емдік қызметтер атқарады. Осындай қызметтерімен Семей өңірі табиғи-мәдени мұраларға бай, бұл жерден танымдық, ғылыми және этникалық туризмге арналған объектілерді тамашалауға болады. Негізінен қызғушылық тудыратын сәулет және тарихи ескерткіштері бар: мұнда Абайдың білім алған үйі, Ахмет Ризаның медресесі, Ямышев қақпасы, Ф.М. Достоевскийдің әдеби-мемориалдық мұражайы, тарихи-өлкетану мұражайының ғимараты (губернатор үйі), бір мұнаралы мешіт, екі мұнаралы мешіт, Абайдың Республикалық әдеби-мемориалдық мұражайы, Абай атындағы театр ғимараты, Тыныбай Каукуенов мешіті және Воскресенский қорғаны.

90 метрлік пилонымен Ертіс өзені арқылы өтетін аспалы көпірдің орасан зор силуэті және «Сильнее смерти» Семей ядролық полигонының құрбандарына ескерткіш Монумені – бұлар Семейдің қазіргі заманғы символдарына айналып отыр.

Қаладан тыс жерлерде әзірленген экскурсиялық бағыттар қазіргі уақытта жұмыс істеп тұр: «Абай – қазақ жерінің ақыны», «Дарындылар отанына», «Аттила және Шыңғысхан жолдарымен Еуразия кіндігіне», Абай-Шәкәрім» мемориалдық кешеніне келіп, одан әрі екі ғашық «Еңлік-Кебектің» ақ мәрмәр тастан жасалған қазіргі заманғы ескерткіші, Бөрлі ауылында М.Әуезовтің әдеби-мемориалдық мұражайы және географиялық Еуразия кіндігі. Саяхат бағыттары қазақтың ұлттық мәдениетінің түп тамарын ашады, қазақ әдебиетінің ғұламасы – Абайдың, атақты философ Шәкәрімнің, ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы туралы айтылады, мұнда тіпті Еуразиялық континенттің географиялық кіндігін білдіретін символикалық белгіні көруге болады, аты аңызға айналған Аттила мен Шыңғысханның батысқа жүріп өткен жерлері бар.

Туризмді дамыту үшін демалыс базаларының құрылысына, жаңа туристік бағыттарды игеруге, республикалық және халықаралық туристік көрмелерге қатысуға және қазіргі заманғы инфрақұрылымды құруға қаржылық қолдау керек [9].

Зерттеу мақсаты және тұжырымдамасы. Абай облысында туризмді бірнеше сала бойынша жетілдіруге мүмкіндік бар. Соның ішінде ең негізгі үш түріне тоқталатын болсақ, олар - табиғи-рекреациялық (экологиялық), тарихи-археологиялық (тарихи) және мәдени туризм. Облыста табиғи-рекреациялық нысандарға Тарбағатай, Алакөл қорығын жатқызуға болады. Туризмді дамыту бойынша негізгі бағыттары: тарихи-мәдени; экскурсиялық; жағажай демалысы, сауықтыру.

Өңірдегі ішкі туризмді дамыту үшін қаралатын: қала кәсіпкерлерінің туристік демалыс базаларын дамытуына, жаңа туристік бағыттар әзірлеуіне жәрдемдесу; Семей өңірінің туристік әлеуеті туралы ақпараттық-жарнамалық материалдар дайындау; Жағымды имиджен қамтамасыз ету мақсатында міндетті түрде Қазақстан республикасының Индустрия және сауда министрлігінің Сауда және туристік қызметін реттеу жөніндегі Комитеті анықтаған, көптеген халықаралық көрмелерге қатысу, жоғары сапалы полиграфиялық материалдарды, қаланың туристік әлеуетінің салтанатты ашылу бағдарламасынан CD–дискілерін плакаттар мен буклеттерді және т.б. шығару арқылы туристік әлеует туралы шетелдік клиенттерге және халықаралық туристік ұйымдарға ақпарат беру.

Туризмді келешекте дамыту халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес автомобиль жолдарының жағдайын жетілдіру, сервиске тиісті желілерді: қонақ үйлерді, мотелдерді, тез тамақтандыру, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарын және басқа объектілерін құруға жәрдемдесу қажет.

Халықаралық және облыс ішіндегі авиарейстерді дамыту шаралары бойынша туристік бағыттар қалпына келтіріледі және өңірлік туристік кластерге қаланың туристік фирмалары қатысады.

Белсенді туризмнің дамуы және белсенді турларды әзірлеуде, бәрінен бұрын туристердің қорғанысын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Осы мақсатта міндетті азаматтық-құқықтық жауапкершілік келісім-шартына отыруға бақылау жүргізіледі, сондай-ақ қаланың бір жоғары оқу орны мен екі колледжінде туризм факультеті ашылып, туризм саласында кәсіби кадрларды даярлайтын болады [10].

Келешекте қажетті:

– эксплуатациялық еңбек мақсатында адамдарды тасуға жол бермеу үшін тұрғындармен ағартушылық жұмыс жүргізу;

– қауіпсіздік мәселесі жөнінде көпшіліктің жол жүруі туралы туристік ұйымдарға хабарлау.

Семей өңірінің туристік имиджін жоғарылатуға, туристік қызметтің халықаралық нарығында отандық тауарларды алға тартуға, ішкі байланысты кеңейтуге, тиісті туристік қызмет көрсету құрамын және деңгейін құруға жәрдемдесетін тапсырманың орындалуы. Бұл жол жүру және ішкі туризмнің кеңеюіне, қала бюджетінің толығуына, Семей өңірі ауылдарындағы және алыс жатқан аудандардағы жұмыссыздықты жою мәселесін шешуге және тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға әкеледі.

Маркетингпен қамтамасыз ету және жергілікті туристік азық-түлікті алға тарту мақсатында туризм саласындағы жергілікті атқарушы ұйымдар туристік фирмалармен бірге Берлин, Москва, Новосибирск, Алматы, Астана, Мадрид, Лондон қалаларында болған көрмелерге қатысты.

Семейдің туристік фирмалары демалыс және емдеу бойынша қызметтерді Ертіс бойындағы «Строитель» профилакториінде, «Боровлянка» қарағайлы орманда, Шүлбі жағалауындағы Шүлбі су қоймасында, сондай-ақ Алакөл көлінде демалысты өткізуді ұйымдастыра алады. Туристер үшін Еуразия континентінің географиялық орталығына апаратын қызықты туристік бағыттар ұсынылады. Бұл бағыттар тағдырдың жазуымен атақты Шыңғысханның ордасы мен Абай Құнанбайұлының қорық-мұражайының көрші келуі таң қаларлық құбылыс. Көк аспанға бой тартқан Абай мен Шәкәрімнің күмбезді мазарлары, Тоқтамыс хан мен Мамай батыр мазарлары да тарихтан сыр шертеді. Амфитеатр кешенінде этнографиялық ұжымдардың тамылжыта салған әнін тыңдап, қазақтың киіз үйінде отырып әр түрлі ұлттық тағамдардан дәм татуға да мүмкіндік бар. Туристер сәйгүліктермен серуендеп, дала кемесі - түйемен қыдырып, ұлттық киімдерді киіп суретке түсе алады. Ұлттық аңшылық өнермен танысып, қазақ ұлтының атты спорт ойындарына қатысып, өз бақтарын сынауларына мүмкіндік бар.

Бұл бағыттардың құрамдас бөлігі «Еңлік-Кебек» ескерткіші махаббат үшін құрбан болған жастарды еске түсіреді. Абайдың асыл жарлары Дідә мен Әйгерім мазарлары, Мұхтар Әуезовтің әдеби-мемориалдық мұражайы мен оның ата-анасының мазарлары да туристер үшін қызықты болары сөзсіз. Бағыттар соңында достық пен мәдениеттер қауышуының символына арналған «Гете – Лермонтов – Абай» мемориалды кешеніне ат басын тіреді.

Табиғаттың ерекше ілтипатпен жасалған «Қоңыр әулие» үңгірінен және адам ескерткішінен тұрады. Мұнда әлі күнге дейін толық зерттеліп болмаған жер асты көлі бар.

Семейге жақын орналасқан кеңестік ядролық сынақ полигонының орны «қырғи қабақ соғыстың» суық ызғарын еске түсіреді. Бұл маршрутта туристер ядролық сынақ құрбандарына арналған ескерткішпен, анатомиялық, тарихи-өлкетану мұражайларымен ғана танысып қоймай, ядролық сынақтардың жер – анаға салған

үлкен жарасы «атом көлін» де көре алады. Семей туризм бизнесінің орталығы ретінде де өзіне жұртшылықты тартады. Туристер үшін, алдын ала келісіммен кәсіпкерлік бөлімі қаланың іскер қауымымен кездесу ұйымдастырады, соның ішінде көмір, алтын, молибден және басқа да пайдалы қазбалар шығаратын ірі өнеркәсіптік кәсіпорындармен, цемент, кірпіш, шифер, кабель-желі өнімін өндіретін, тігін, тон және былғары өнімін шығаратын, аяқ-киім, жүн, ұн, құрама жем, консервілерді және азық-түліктің түр-түрін өндіретін кәсіпорындарымен таныстырады.

Семейде конгрестік туризм үшін барлық жағдайлар жасалған. Іскерлік кездесулерге, конференцияларға, симпозиумдерге арналған әр түрлі залдар қандай да болсын талапқа сай. Семейді қазіргі кезде әйгілі халықаралық, республикалық спорт сайыстарын өткізу үшін жиі таңдайды.

Туристерге қала театрлары, көптеген мейрамханалар, кафе, түнгі клубтар, бильярд салондары, сауналар, қазіргі заманғы аквапарк, дамыған сауда орталықтары бар ықыластарымен қызмет етеді.

Осының барлығы Семей қаласының бейнесін жарқын да, сымбатты түрде сақтауға көмектесетініне сенімдіміз.

Абай облысының Абай ауданы – Семей қаласынан оңтүстік батысқа қарай Шыңғыстаудың бөктерінде орналасқан. Ауданның батысы мен солтүстігі ұсақ шоқылы жазық. Оңтүстігінде Шыңғыстау жоталары жатыр. Климаты қатал.

Мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық Абай мұражай-қорығы. Оның құрамына Семей қаласындағы Абай әдеби мұражайы және Ахмет-Риза медресесі Бөрлі елді мекеніндегі М.Әуезов мұражайы, Көкбай ауылдық округі Тақыр қыстағындағы Көкбай Жанатаев мұражайы, Құндызды ауылындағы Шәкір Әбенев мұражайы және Абай облысы Ұржар ауданында орналасқан Әсет Найманбаев мұражайы кіреді. Абай ауданындағы қорықтың жалпы көлемі 6400 га. Оған 16 нысан кіреді. Негізгілері: Жидебайдағы «Абайдың мұражай үйі», «Абай-Шәкәрім» мемориалдық кешені, Абай-Шәкәрім кесенесі, Оспан көлі, Кеңгірбай би кесенесі және т.б. Бүгінде Пушкин Ресей үшін қаншалықты қымбат болса, Абай да Қазақстан үшін сондай ұлы тұлға, ұлттық мақатанышымыз. Мұнда жылда республикалық Абай оқулары өтеді. Абай оқуларында республиканың барлық облыстарынан және Астана, Алматы қалаларынан келген жас таланттар Абай-Шәкәрім шығармаларын мәнерлеп айтудан, әндерін орындаудан және өз шығармашылықтары бойынша сайысқа түседі. Сонымен қатар Абай шығармашылығына арналған конференциялар, әдеби кездесулер, көрмелер өткізіледі. Аудан халқы өзінің даңқты жерлестерінің рухани мұрасына үлкен сүйіспеншілікпен, зор құрметпен қарайды, оқып үйренеді және ерекше қастарлейді [11].

Аудан аумағында әйгілі Қоңыр әулие үңгірі бар. Тақыр елді мекенінде орналасқан Көкбай Жанатаевтың медресе-мұражайы Абай мемлекеттік мұражай – қорығының филиалы болып саналады. Экспозиция 1997 жылы ашылған. 2011 жылы ақынның 150 жылдық мерей тойына орай ақынның медресесі мен мұражай жаңадан өңделіп, жаңартылды. Мұражайға келушілер ақынның өмірі мен шығармашылығымен және ағартушылық қызметімен толық таныса алады. Көкбай Жанатаев - ұлы Абайдың

шәкірті, оның әдеби дәстүрін жалғастырушысы. Ол 1861 жылы Семей уезі, Мұқыр болысындағы Тақыр елді мекенінде дүниеге келген.

2006 жылы Ұлы ақын Ұлы Абайдың шәкірті Шәкәрімнің 150 жылдығына орай мұражай экспозициясы ашылды. Қазақ әдебиеті тарихында Абайдан кейін аса көрнекті орын алатын ұлы ақын, жазушы, философ, тарихшы, сазгер Шәкәрімнің еңбектері дүниеден өткен соң жарты ғасыр бойы жалған жала кесірінен жарыққа шықпады. Шәкәрім 1858 жылы 24 шілдеде Шыңғыстау бөктері Құндызды елді мекенінде дүниеге келген. Оның әкесі Құдайберді Абайдың ағасы болған. Әкесінен ерте айырылған Шәкәрім Абайдың тәрбиесінде өседі. Абайдың тәрбиесі мен өнегесі Шәкәрімнің әдебиетке деген құштарлығын оятты, кейіннен үлкен ақын болып қалыптасуына ерекше ықпал етеді. Арнаулы оқу орнының бітірмесе де Шәкәрім Абайдың басшылығымен өз бетімен ізденіп, аса білімді, оқымысты философ дәрежесіне жетеді [12].

Ш.Әбеновтың мұражай үйі Құндызды ауылында 2003 жылы ашылған. Мұражай іргесі 1962 жылы салынған, ақын тұрған үйде ашылған. Бұл үйде Шәкір Әбенев 1994 жылға, өмірінің соңына дейін тұрған. 2003 жылы ақын тұрған үйі қайта жаңартылып мұражай болып құрылды. Мұражайда ақынның жеке заттары, пайдаланылған мүліктері мен қолжазбалары мен кітаптары толық сақталған. Мұражай экспозициясы ақынның есімін әйгілі еткен атақты «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» поэмасын көрсетумен басталады.

Жалпы Қазақстанның шығыс аймағындағы туристік саланы мемлекет тарапынан реттейтін ұйым Абай облысының туризм және сыртқы байланыстар басқармасы болып табылады.

Мемлекеттің құзырлы ұйымының бірі - «Абай облысының туризм және сыртқы байланыстар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің туризмді дамыту бөлімі. Бұл басқарма Абай облысындағы барлық туристік ұйымдардың қызметін бақылап, олардың жылдық есеп берулерін қабылдайтын және туристік ұйымдармен тікелей байланыста болатын мемлекеттік мекеме ретінде қызмет етеді.

Басқарманың миссиясы: туристік қызмет пен сыртқы байланыстарды дамыту мәселелері бойынша мемлекет саясаты негізгі бағыттарының іске асырылуын қамтамасыз ету.

Пайымдауы: бәсекеге қабілетті туристік индустрия құру және облыстың сыртқы байланыстарында Абай облысына шетелдік капиталды тарту үшін қолайлы инвестициялық ахуалға әсер ететін жан-жақты байланыс орнату.

Басқарманың міндеттері:

Абай облысының туристік қызметін және халықаралық ынтымақтастығын дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асыру.

Басқарманың функциялары:

1) Абай облысы аумағында туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты және үйлестіруді жүзеге асырады;

2) Абай облысы аумағында туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне, туристік маршруттардың мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін қажетті ақпаратты қалыптастырады және уәкілетті ұйымға тоқсан сайын есеп береді;

3) туристік қызмет көрсету нарығына талдау жасайды және Абай облысы аумағында туризмнің дамуы туралы қажетті мәліметтерді туризм жөніндегі уәкілетті ұйымға береді;

4) облыстық туристік ресурстарды қорғау жөніндегі шараларды әзірлейді және енгізеді;

5) Абай облысы аумағында туристік индустрия объектілерін жоспарлау және салу жөніндегі қызметті үйлестіреді;

6) балалар мен жастар лагерлерінің, туристер бірлестіктерінің қызметіне және өз бетінше туризмнің дамуына жәрдем көрсетеді;

7) туристік қызмет субъектілеріне туристік қызметті ұйымдастыруға байланысты мәселелерде әдістемелік және ақыл-кеңес көмегін көрсетеді;

8) халықтың жұмыспен қамтылуын ұлғайту шарасы ретінде туристік қызмет саласындағы кәсіпкерлікті дамытады және қолдайды;

9) туристік ақпарат, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері мен туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат береді;

10) туристік ақпарат орталығын құрады;

11) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жергілікті атқарушы ұйымдарға Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады [13].

Абай облысындағы туристік әлеуетті дамытудың негізгі мәселелеріне тоқталатын болсақ.

Туризмді дамытудағы оң үрдістермен қатар бірқатар түйінді мәселелер орын алады, оларды шешу межелеген мақсатқа қол жеткізуге, яғни Абай облысында бәсекеге қабілетті туристік индустрия құруға мүмкіндік бермек:

1) туристік және көліктік инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы.

Туристік объектілерге апаратын автомобиль жолдарының қанағаттанарлықсыз жағдайы. Туристік бағыттарға жету жолының қиындығы. Қонақ үйлерді, пансионаттар мен демалыс үйлерін және базаларды қоса алғанда орналастыру объектілерінің материалдық базасының қанағаттанарлықсыз жағдайы, сондай-ақ санаторлық-курорттық мекемелердің моральдік және табиғи тұрғыдан тозуы;

2) қызмет деңгейінің төмендігі. Көрсетілетін қызмет сапасының төмендігі;

3) туризм және қонақжайлық саладағы білікті мамандардың жеткіліксіздігі;

4) облыстың туристік имиджін ішкі және халықаралық туристік қызметтер нарығында алға жылжыту деңгейінің жеткіліксіздігі.

Облыстың туристік әлеуеті туралы ақпараттардың имидждік іс-шаралардың, жеткілікті көлемде болмауы.

Абай облысында туристік сала дамуына әсер ететін негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалауға тоқталатын болсақ.

Туристік саланы дамытуға сыртқы факторлар әсер етеді: әлемдік экономиканың жай-күйі, құқықтық реттеу, ел ішіндегі және шетелдердегі экономикалық және саяси жағдай және т.б. Сондай-ақ, саланың дамуына мынадай ішкі факторлар да әсер етеді: кадрлық саясат, туристік өнімнің кәсіби маркетингі.

Туристік өнімнің маркетингтік жоспарында шетелдік мемлекеттерден туристерді тарту бойынша өңірлік туроператорлардың жұмысын күшейту қажет, бұл, тек келетін туристік ағымның тұрақтылығын ғана емес, сондай-ақ туристік саланың кірісін де арттырады.

Туристік саланың жай-күйіне жасалған талдау саланың дамуында бірқатар оң үрдістер орын алғанымен, оның барлық сегменттері үшін ортақ проблемалардың бар екендігін көрсетті, олар қазірдің өзінде оның қызметінің нәтижесіне кері әсерін тигізуде, әсіресе, ол болашақта саланың экономикалық жағынан өсуі мен қаржылық тұрақтылығына кері ықпал етуі анық.

Мұндай мәселелердің біріне ішкі және сыртқы нарықтарға шығуға мүмкіндік беретін, сұранысқа ие инвестициялық жобаларды жаңғырту мен енгізу үшін қажет инвестициялардың жоқтығы себебінен туристік саланың қазіргі таңдағы инфрақұрылымының әлемдік деңгейден көш артта қалуы жатады.

Туристік саланың бәсекеге қабілеттілігіне және табысты дамуына сыртқы, сондай-ақ ішкі факторлар да әсер етеді. Сыртқы факторларға талдау жасаған кезде Абай облысының шалғайда орналасқандығын, туристік жолдамалар құнының жоғарылығын және т.б. ескеру қажет.

Жүргізілген талдау бірнеше проблемалық мәселелерді анықтады, олардың шешімі Абай облысында туризм индустриясын тұрақты дамыту - қойылған мақсатқа жетуге мүмкіндік береді:

– орналастыру объектілерінің, яғни қонақ үйлерінің, пансионаттардың, демалыс үйлері мен базаларының, сонымен қатар сауықтыру-курорт мекемелерінің материалдық базасы тозудың жоғары дәрежесімен сипатталады;

– бүгінгі күні туристер үшін туризм масштабтары, түрлері, орналасу орындарының сапасы және оларды ұсыну халықаралық стандарттарға сай келмейді;

– туристік объектілер жоқ жерлерде және бағыттардың соңында туристерді орналастыру жағдайының болмауы;

– құнды және тартымды экскурсия объектілеріне немесе әдемі жер бедерлеріне апаратын көлік жолдарының нашар болуы немесе жоқтығы;

– шалғайдағы аудандарда бағыттың өтуін бақылауға және шұғыл жағдайда жедел көмек көрсетуге арналған сенімді мобильді байланыс үшін қаражат пен мүмкіншіліктің болмауы;

– экскурсия объектілері жағдайының нашарлығы - қолайлы қарау алаңдарының, ақпарат қалқандарының, жабдықталған және қауіпсіз соқпақтардың, демалыс базаларының болмауы;

– рекрециялық зоналардың экологиялық жағдайы проблемасы (антропогенді жүктеме, жағажай зоналарының бұзылуы).

Туризмнің дамуына кедергі келтіретін негізгі проблемалардың бірі қызмет көрсететін салада мамандандырылған туризм кадрларының болмауы болып табылады. Бұл туризм индустриясы объектілеріндегі білікті мамандардың болмауы проблемасына ғана емес, сондай-ақ туризм саласы үшін кадрларды дайындау сапасына да қатысты.

Аналитика. Қызмет көрсететін саладағы төмен сапа, туризм индустриясы объектілерінде көрсетілетін қызметтердің төмен сапасына әкеледі. Сонымен қатар ауыл-аудандардың жергілікті тұрғындары экономикалық пайда көрмейді және туризмнің дамуына қызығушылық білдірмейді [13].

Саланың даму жағдайына SWOT-талдау жасалып, келесідей артықшылықтары мен кемшіліктері анықталды (кесте 1):

Кесте 1. Абай облысының туристік әлеуетінің SWOT-талдауы

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<ol style="list-style-type: none"> 1. Облыстың тиімді экономикалық-географиялық жағдайы; 2. Жер бедерлерінің алуан түрлілігі, бірегей табиғи, мәдени және тарихи ескерткіштердің болуы; 3. отандық және шет елдер инвесторларының қызығушылығы; 4. Туризмнің басым бағыттарын дамыту: экологиялық, емдеу-сауықтыру, мәдени-танымдық, жағажай, тау шаңғысы туризмі. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Туризмнің дамыған инфрақұрылымының болмауы, оның ішінде туристік объектілерге апаратын жолдардың қолайсыздығы; 2. Білікті басқару және қызмет көрсететін қызметкерлердің болмауы; 3. Өңірдің туристік өнімі кәсіби маркетингінің болмауы; 4. Туризмді қолдаудағы шектеулі қаржылық мүмкіншіліктер, өз қаражатының және инвестициялық ресурстардың тапшылығы; 5. Туристік бизнестегі төмен кәсіби деңгей, көрсетілетін туристік қызметтер бағасына қызмет көрсету сапасы мен деңгейінің сәйкес келмеуі.
Мүмкіндіктер	Қауіптер
<ol style="list-style-type: none"> 1. Туризмнің бәсекеге қабілетті инфрақұрылымын нын құру мүмкіндігі; 2. Қосымша жұмыс орындарын құру арқылы халықты жұмыспен қамтамасыз ету; 3. Кіру және ішкі туризм бойынша туристер ағымын, туристік қызмет көлемін, кірістердің өсуін, бюджетті көбейту. 4. Шебер-жоспар түрінде кең көлемді зерттеуді әзірлеу, облыстағы туризм кластерін құру және дамыту. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Саланың тоқырауы; 2. Қорғау шараларын қолданбаған жағдайда, қолданыстағы объектілер мен ресурстарды жоғалту қаупі; 3.Туристік және көліктік инфрақұрылымды дамытудың жетіспеушілігі; 4. Кадрлардың дайындығының, қайта даярлаудың және біліктілігін арттырудың нашар деңгейі және туризмнің ғылыми базасының болмауы; 5. Әлемдік нарыққа облыс имиджінің қозғалысының жетіспеушілігі, облыстың туристік әлеуеті туралы жарнамалық ақпарат көлемінің жеткілікті болмауы. 6. Туристік индустрияда ұсынылатын қызмет сапасының төмендігі. 7. Бұқаралық және балалар-жасөспірімдер туризмінің нашар дамуы.
Ескертпе: [3,4]әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған	

Неліктен Абай облысы баруға тұрарлық? Абай өңіріне Абайдың мұражайын, мүлкін, кесенесін тамашалауға келгендер көп болғанымен, бұл өлкеге туристерді қызықтыратын жалғыз бұл емес. Мысалы, Семейдің батысында Кеңес Одағында алғашқы атом бомбасы сынақтан өткен Семей полигоны орналасқан. Қазірде бұл қараңғы туризм деп аталатын танымал нысан - өлім мен қайғылы оқиғаларға байланысты жерлерге саяхат.

Көптеген саяхатшылар зиярат ететін орын - Қоңыр-Әулие үңгіріне келеді. Бұл жер аңызға толы, қазақ арасында киелі саналады.

Семей Ф.М.Достоевскийдың жер аударылған жері ретінде де белгілі. Мұнда жазушы өмірінің бес жылын өткізді. Қалада Достоевский мұражайы да бар. Ол Қазақстандағы жалғыз және әлемде бар сегіздің бірі.

Бұл саяхатшыларды қызықтыруы мүмкін орындардың толық тізімі емес. Абай аймағында көптеген «жасырын қазыналар» бар. Олар туристер арасында әлі онша танымал емес, бірақ сөзсіз назар аударуға тұрарлық орындар.

Қорытынды

Абай облысына саяхат – бұл жаңа білім мен әсер алуға, Қазақстан тарихына және көрнекті тұлғаға қол жеткізуге тамаша мүмкіндік беретін өңір болып табылады.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде, мақала мақсатына сәйкес теориялық және практикалық сипаттағы келесі тұжырымдар жасауға болады:

– Абай облысында орналасқан Бейбітшілік аралы Орталық Азиядағы ең ірі өзен аралы болып табылады.

– «Еуразия құрлығының орталығы» облыс аумағында орналасқан.

– Бұл жер – көрнекті ойшылдар Абай Құнанбайұлының, Шәкәрім Құдайбердіұлының және Мұхтар Әуезовтің отаны.

– Абай атындағы облыстық кітапхана - Қазақстан тарихындағы алғашқы ғылыми-әмбебап кітапхананың бірі.

– Облыс аумағында көптеген тарихи сәулет ескерткіштері бар. Мысалы, 1927 жылы салынған өрт қаланчасы – Қазақстанда өзгеріссіз қалған жалғыз осындай өртке қарсы ғимарат.

– Ертіс өзені арқылы өтетін аспалы автомобиль көпірі, ұзындығы 1086 м – ТМД-дағы жалғыз және әлемдегі 17-нші көпір.

– 1883 жылы есігін айқара ашқан Абай облысындағы тарихи-өлкетану мұражайы - еліміздің ең көне мұражайы.

– Абай облысындағы Ертіс өзені арқылы өтетін теміржол көпірі-аты аңызға айналған Түрксібтегі ең ірі көпір

– 1917 жылы Семей қаласында бостандық туын көтеріп, «Алаш Орда» партиясының басшылары өз үкіметін құрды.

Аймақтық имидж қалыптастыру және маркетинг жұмыстарын жүргізу ісін қолға алатын кез келді. Абай облысында туризм және өлкетану қызметі өте белсенді дамып, заман ағымына ілесуде. Бұл біріншіден, туристік жобаларды жүзеге асыруға мемлекет

тарапынан белгілі бір инвестиция құйылып жатқандығымен байланысты. Облыстың инфрақұрылымы да дамып келеді, бұл өз кезегінде туристік және өлкетану қызметін ұйымдастырудағы байланыстырушы буын болып табылады. Айта кету керек, облыста табиғат ескерткіштері көп, олар келушілер арасында үлкен қызығушылық тудырады. Ал бұл ескерткіштерге көпшіліктің кіруі үшін жолдар салынып, жөнделуде.

Абай облысында туризм бағытын жандандыру жұмыстарына басымдық беріп, бұл тарихи-мәдени орындардың тынысын жандандыру, киелі өлкелердің қарым-қатынасын нығайту облыстың экономикалық әлеуетін күшейтіп қана қоймай, елді мекендердің де инфрақұрылымдарын жақсартып түсетіні анық. Абай облысының елеулі тарихи, мәдени және табиғи әлеуеті елдің тарихи мұрасына, дәстүрі мен мәдениетіне деген қызығушылықтың артуы, сондай-ақ халықтың сатып алу қабілетінің жоғарылауы тарихи-мәдени туризмді дамытуға ықпал етеді. Көптеген тарихи-мәдени нысандар (олардың мазмұны мен қалпына келтірілуі) мемлекеттің қадағалауында болады және тиісті инфрақұрылымды құру, сондай-ақ жәрмеңкелер, фестивальдар, конференциялар және фольклорлық тақырыптағы іс-шаралар өткізу үшін мемлекеттік және жеке капиталды тарту арқылы тиісті қолдау алады. Абай облысының табиғи және мәдени-тарихи әлеуетін осылайша пайдалану тарихи-мәдени туризмнің тартымдылығын арттыруға ықпал ете алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Разуваев И.Г. Роль интеллектуального кластера в современной экономике [Электронный ресурс]. — URL: <http://www.science-forum.vis.ru> (дата обращения 05.06.2022).
2. Мироненко Н.С., Твердохлебов И.Т. Рекреационная география / Мироненко Н.С., Твердохлебов И.Т. – Москва: МГУ, 1981. – 208 с.
3. Мазбаев О.Б. Қазақстан Республикасы туризмнің аумақтық дамуының географиялық негіздері: географ. ғыл. докторы дис авторефераты: 10.02.10 / Абай атындағы пед ун-т. – Алматы, 2010. – 38 б.
4. Асубаев Б.Қ. Балқаш-Алакөл алабында туризмді дамытудың рекреациялық географиялық негіздері (Жазық аумақтар мысалында): географ. ғыл. канд дис авторефераты: 15.08.10 / Абай атындағы пед ун-т. – Алматы, 2010. – 16 б.
5. Садуов А.Ж. Управление развитием туризма в Казахстане: теория, методология, механизмы: автореферат дисс. доктора экономических наук: 17.02.10 / Карагандинский гос. ун-т. – Караганда, 2010. – 36 с.
6. Дуйсен Г.М. Формирование и развитие индустрии туризма на основе использования природно-рекреационного потенциала Казахстана: автореферат дисс. доктора экономических наук: 12.02.03 / Казахский гос. ун-т. – Алматы, 2003. – 23 с.
7. Рустемова С.М., Жакупов А.А. Абайская область: туризм как драйвер развития региона // Publisher.agency: Proceedings of the 5th International Scientific Conference «Theoretical Hypotheses and Empirical results» (December 14- 15, 2023). Oslo, Norway, 2023. P 171-175.
8. Қазақстан Республикасының туризм саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

[The state program for the development of the tourism sector of the Republic of Kazakhstan for 2019-2025]. [in Kazakh] Available at: https://t.me/share/url?url=https://kaz.inform.kz/news/turizmdidamytyudyn-2025-zhylga-deyingi-bagdarlamasyryn-zhobasy-zhariyalandy_a3433585&text=%D0%A2%D1%83%D1%80%D0%B8%D0%B7%D0%BC%D0%B4%D1%96%20%D0%B4%D0%B0%D0%BC%D1%8B%D1%82%D1%83%D0%B4%D1%8B%D2%A3%202025%20%D0%B6%D1%8B%D0%BB%D2%93%D0%B0%20%D0%B4%D0%B5%D0%B9%D1%96%D0%BD%D0%B3%D1%96%20%D0%B1%D0%B0%D2%93%D0%B4%D0%B0%D1%80%D0%BB%D0%B0%D0%BC%D0%B0%D1%81%D1%8B%20%D0%B6%D0%B0%D1%80%D0%B8%D1%8F%D0%BB%D0%B0%D0%BD%D0%B4%D1%8B#:~:text=https%3A//kaz.inform.kz/news/turizmdidamytyudyn%2D2025%2Dzhylga%2Ddeyingi%2Dbagdarlamasyryn%2Dzhobasy%2 (accessed 24.10.2018)

9. Жакупов А.А. Өлкетану: оқу құралы. – Алматы: «Лантар Трейд» баспасы, 2021.- 105 б.

10. Шығыс Қазақстан облысының туризм және сыртқы байланыстар басқармасы.-URL: <http://tourism-vs.vko.gov.kz/> (дата обращения 07.06.2022)

11. Абай облысы әкімдігінің ресми сайты URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay?lang=kk> (дата обращения 14.04.2023)

12. Шаяхметова Л.М. Анализ современного состояния индустрии туризма в Восточном Казахстане // Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің хабаршысы. – № 3 (43). - 2019. – С. 81-84.

13. Кузьмина Л.В., Мищенко В.В. Актуальные вопросы фундаментальных и прикладных научных исследований // Сборник научных статей по материалам II международной научно-практической конференции. Том Часть 1. Уфа, 2023. - С. 20-25.

С.М. Рустемова, А.А. Жакупов

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Анализ туристского потенциала Абайской области

Аннотация. В статье рассматриваются туристские возможности и пути выявления и использования туристского потенциала Абайской области, сведения об их совершенствовании. Индустрия туризма является частью экономики страны, определяющей социально-экономическое развитие республики на основе использования рекреационных ресурсов. На сегодняшний день в Казахстане проводится масштабная работа по реформированию туризма и стратегии развития туристского бизнеса. Проблема устойчивого и социального развития туризма была и остается актуальной на протяжении всего исторического развития Республики Казахстан. Развитие туризма способствует улучшению социально-экономического положения региона: развитию предпринимательства, заработков, рабочих мест, тем самым сокращая бедность. Приведены географическое положение Абайской области, анализ особенностей и развития, туристические факторы и конкурентные преимущества региона. В статье рассмотрены основные виды туризма в Абайской области, а также проанализированы основные показатели развития туризма в этом регионе и текущая ситуация. Проведен SWOT-

анализ туристического потенциала Абайской области: показаны сильные и слабые стороны туризма, а также возможности и угрозы региона. Определены факторы, сдерживающие развитие въездного и выездного туризма и факторы, положительно влияющие на развитие туризма в Абайской области. В статье рассмотрены основные виды туризма в Абайской области, а также предложен анализ основных показателей развития туризма в этом регионе и текущей ситуации.

Ключевые слова: познавательный туризм, культурный туризм, региональный туризм, природно-ресурсный потенциал, туристический потенциал.

S.M. Rustemova, A.A. Zhakupov

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Analysis of tourist potential of the Abay region

Abstract. The article discusses tourism opportunities and ways to identify and use the tourism potential of the Abay region, as well as information about their improvement. The tourism industry is part of the country's economy, determining the socio-economic development of the republic based on the use of recreational resources. Today, large-scale work is being carried out in Kazakhstan to reform tourism and the tourism business development strategy. The problem of sustainable and social development of tourism has been and remains relevant throughout the entire historical development of the Republic of Kazakhstan. The development of tourism helps to improve the socio-economic situation of the region: the development of entrepreneurship, earnings, jobs, thereby reducing poverty. The geographical location of the Abay region, analysis of features and development, tourist factors and competitive advantages of the region are given. The article examines the main types of tourism in the Abay region, and also analyzes the main indicators of tourism development in this region and the current situation. A SWOT analysis of the tourism potential of the Abay region was carried out: the strengths and weaknesses of tourism, as well as the opportunities and threats of the region were shown. Factors hindering the development of inbound and outbound tourism and factors that positively influence the development of tourism in the Abay region have been identified. The article examines the main types of tourism in the Abay region, and also offers an analysis of the main indicators of tourism development in this region and the current situation.

Keywords: tourism, recreation, educational tourism, cultural tourism, regional tourism, natural resource potential, tourism potential

References

1. Razuvaev I.G. Rol' intellektual'nogo klastera v sovremennoj jekonomike [The role of the intellectual cluster in the modern economy Available at: <http://www.science-forum.vis.ru> [in Russian] (accessed 05.06.2022)
2. Mironenko N.S., Tverdohlebov I.T. Rekreatcionnaja geografija [Recreational geography] (MGU, Moscow, 1981, 208 p.) [in Russian]

3. Mazbaev O.B. Qazaqstan Respublikasy turizmnıń aumaqtyq damuynyń geografialyq negızderi [Geographical bases of territorial development of tourism in the Republic of Kazakhstan: geographer. do it doctor's thesis abstract] 10.02.10. Abay University of Ped. - Almaty, 2010. - 38 p. [in Kazakh]
4. Asubaev B.Q. Balqas-Alaköl alabynda turizmdı damytudyń rekreasiyalıq geografialyq negızderi (Jazyq aumaqtar mysalynda) [Recreational geographical bases of tourism development in the Balkhash-Alakol basin (in the example of Jazyq aumaqtar): geographer. do it cand diss abstract] 15.08.10. Ped University named after Abay. (Almaty, 2010. – 16 p.) [in Kazakh]
5. Saduov A.ZH. Upravlenie razvitiem turizma v Kazahstane: teoriya, metodologiya, mekhanizmy [Management of tourism development in Kazakhstan: theory, methodology, mechanisms: abstract of doctoral thesis in economics] 02.17.10 Karaganda.state. univ. – (Karaganda, 2010, 36 p.) [in Kazakh]
6. Dujsen G.M. Formirovanie i razvitie industrii turizma na osnove ispol'zovanija prirodno-rekreacionnogo potenciala Kazahstana [Formation and development of the tourism industry based on the use of natural and recreational potential of Kazakhstan: abstract of doctoral thesis in economics] 12.02.03. Kazakh.state. univ. (Almaty, 2003 – 23 p.) [in Kazakh]
7. Rustemova S.M., Zhakupov A.A. Abajskaja oblast': turizm kak drajver razvitija regiona [Abay region: tourism as a driver of regional development] Publisher.agency: Proceedings of the 5th International Scientific Conference «Theoretical Hypotheses and Empirical results» (December 14-15, 2023). (Oslo, Norway, 2023, 171-175.)
8. Qazaqstan Respublikasynyń turizm salasyn damytudyń 2019-2025 jyldarǵa arnalǵan memlekettik baǵdarlamasy [The state program for the development of the tourism sector of the Republic of Kazakhstan for 2019-2025]. [in Kazakh] Available at: https://t.me/share?url=https://kaz.inform.kz/news/turizmdi-damytudyn-2025-zhylga-deyingi-bagdarlamasynyn-zhobasy-zhariyalandy_a3433585&text=%D0%A2%D1%83%D1%80%D0%B8%D0%B7%D0%BC%D0%B4%D1%96%20%D0%B4%D0%B0%D0%BC%D1%8B%D1%82%D1%83%D0%B4%D1%8B%D2%A3%202025%20%D0%B6%D1%8B%D0%BB%D2%93%D0%B0%20%D0%B4%D0%B5%D0%B9%D1%96%D0%BD%D0%B3%D1%96%20%D0%B1%D0%B0%D2%93%D0%B4%D0%B0%D1%80%D0%BB%D0%B0%D0%BC%D0%B0%D1%81%D1%8B%D0%BD%D1%8B%D2%A3%20%D0%B6%D0%BE%D0%B1%D0%B0%D1%81%D1%8B%20%D0%B6%D0%B0%D1%80%D0%B8%D1%8F%D0%BB%D0%B0%D0%BD%D0%B4%D1%8B#:~:text=https%3A//kaz.inform.kz/news/turizmdi%2Ddamytudyn%2D2025%2Dzhylga%2Ddeyingi%2Dbagdarlamasynyn%2Dzhobasy%2D (accessed 24.10.2018)
9. Jakupov A.A. Ölketanu: oqu qūraly [Local studies: textbook] (Lantar Treid, Almaty, 2021, 105 p.) [in Kazakh]
10. Şyǵys Qazaqstan oblysynyń turizm jáne syrtqy bailanystar basqarmasy [Department of tourism and foreign relations of East Kazakhstan region] Available at: <http://tourism-vs.vko.gov.kz/> (accessed 07.06.2022) [in Kazakh]
11. Abai oblysy äkimdiginıń resmi saity [The official website of Abay region akimat] Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay?lang=kk> (accessed 14.04.2023) [in Kazakh]
12. Shajahmetova L.M. Analiz sovremennogo sostojaniya industrii turizma v Vostochnom Kazahstane [Analysis of the current state of the tourism industry in Eastern Kazakhstan]. Bulletin of the Kazakh Innovative Humanities and Law University. 3 (43). 81-84(2019). [in Kazakh]

13. Kuz'mina L.V., Mishhenko V.V. Aktual'nye voprosy fundamental'nyh i prikladnyh nauchnyh issledovaniy [Current issues of fundamental and applied scientific research]. Collection of scientific articles on the materials of the II International Scientific and Practical Conference. Volume Part 1. Ufa, 2023 - С 20-25[in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Рустемова Сабира Муратовна – «Туризм» мамандығының 1 курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көш., 2, Астана, Қазақстан. ORCID: 0000-0003-1004-2135

Жакупов Алтынбек Аманжолович – PhD, доцент м.а, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көш., 2, Астана, Қазақстан. ORCID: 0000-0002-0381-6799

Рустемова Сабира Муратовна – докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, Астана, Казахстан. ORCID: 0000-0003-1004-2135.

Жакупов Алтынбек Аманжолович – PhD, и.о доцента, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, Астана, Казахстан. ORCID: 0000-0002-0381-6799.

Rustemova Sabira Muratovna – corresponding author, PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev str., Astana, Kazakhstan. ORCID: 0000-0003-1004-2135;

Zhakupov Altynbek Amanzholovich – Doctor PhD, assistant professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev str., Astana, Kazakhstan. ORCID: 0000-0002-0381-6799.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).